



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

2018 жылдың 27-29 наурыз аралығында «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесінің мамандандырылған аккредиттеу стандарты талаптарына сәйкестігін бағалау туралы сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының

Қаскелең 2018

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТІГІ**  
**Сыртқы сараптау комиссиясы**

*АРТА аккредиттеу  
кеңесіне бағытталған*



Независимое агентство  
аккредитации и рейтинга

**2018 жылдың 27-29 наурыз аралығында «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесінің мамандандырылған аккредиттеу стандарты талаптарына сәйкестігін бағалау туралы сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының**

**ЕСЕБІ.**

**Қаскелең қаласы  
«29» наурыз 2018 жыл**

## МАЗМҰНЫ

(I) ТАҢБАЛАР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ .....	3
(II) КІРІСПЕ .....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫЛЫМЫ .....	5
(IV) ССК МӘЛІМДЕМЕСІ.....	6
(V) АЛДЫҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ .....	8
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ.....	9
6.1. Миссия және стратегиялық мақсаттар» стандарты.....	9
6.2. «Әкімшіліктендіру және басқару» стандарты.....	10
6.3 «Білім беру бағдарламасы» стандарты.....	12
6.4. «Оқытушылар» стандарты .....	14
6.5. «Білім алушылар» стандарты.....	16
6.6. «Ресурстар: материалды-техникалық, ақпараттық және білім беру» Стандарты.....	19
(VII) КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ/ ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ПРАКТИКА .....	21
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСҚА ШОЛУ .....	23
(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСҚА ШОЛУ .....	23
Қосымша 1. Бағалау кестесі. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРІ».....	24

арта

## (I) ТАҢБАЛАР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

- МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
- ҚМА – Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
- МҰ – Медициналық ұйымдар
- ТЖКБ – Техникалық және кәсіптік білім беру
- ОЖБ– Оқу-жұмыс бағдарламалары
- ОЖЖ – Оқу-жұмыс жоспары
- ҮОБ – Үлгілік оқу бағдарламалары
- ҮОЖ – Үлгілік оқу жоспары
- КТЖ– Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
- СМЖ– Сапа менеджменті жүйесі
- ОЖ– оқу жұмысы
- ӨО–өндірістік оқыту
- КП – кәсіптік практика
- ОБ– оқу бағдарламасы
- ОӘК– оқу-әдістемелік кешен
- ПОӘК– пәндік оқу-әдістемелік кешен
- ӘЦК– циклды әдістемелік комиссия
- КК – кәсіби компьютерлер
- АКТ - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- ПҚ- педагогикалық құрам
- ПҚ- педагог қызметкерлер
- СанЕмН – санитарлық ережелер мен нормалар
- ФАП – фельдшерлік-акушерлік пункт
- ӘЭП – әлеуметтік-экономикалық пәндер
- ЖББП – жалпы білім беру пәндері
- ҚҒП – қоғамдық-гуманитарлық пәндер

## (II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агентігінің 05.01.2018 жылғы №4-18-ОД бұйрығына сәйкес 2018 жылдың 27-29 наурызы аралығында Сыртқы сараптау комиссиясы ресми сапармен ТЖБ қызметін ұсынатын «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесіне барып, 0302000 «Мейірбике ісі» мамандығы 0302033 «Жалпы практика мейірбикесі» біліктілігі және 0301000 "Емдеу ісі" мамандығы 0301013 «Фельдшер» біліктілігі бойынша білім беру бағдарламаларының **АРТА мамандандырылған аккредиттеу талаптарына** сәйкестігіне бағалау жүргізді

### **ССК құрамы:**

1. **Комиссия төрайымы** – Токбергенова Гульмира Тельмановна, ЖШС «Интердент» Медициналық колледжі директоры (Алматы қ.);
2. **Сарапшы** – Молдина Меруерт Айтмағанбетовна, Қарағанды қаласы ДС Басқарамасының МКҚК «Жезқазған қаласы медициналық колледжі» директорының орынбасары ( Жезқазған қ.);
3. **Сарапшы** – Адылканова Асель Мадениетовна, «Шипагер медициналық колледжі» мекемесі директоры (Астана қ.);
4. **Жұмыс беруші** – Сатыбалдинова Зарыккан ШЖҚ МКК «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» директорының аудит және денсаулық сақтау сапасы мәселесі жөніндегі орынбасары (Қаскелең қ.);
5. **Студент** – Амантаева Айман Маликқызы, «Жәрдем» медициналық колледжінің «Емдеу ісі» мамандығының 4-курс студенті (Қаскелең қ.);
6. **Агенттік бақылаушысы** – Джакенова Алиса Сатбековна, медициналық жобалар Агентігі басшысы (Астана қ.).



### **(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫЛЫМЫ**

«Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесі 2015 жылы жеке медициналық колледж ретінде қайта құрылған. Алматы облыстық Әділет басқармасының 19 маусым 2000 жылғы №684-1907 құжаты негізінде (06.08.2010 ж. АА-5 № 0106320 сериялы мемлекеттік лицензиясы Қазақстан Республикасы БҒМ 06.08.2010ж. №122-н/л бұйрығына сәйкес берілген) осы уақытқа дейінгі білім беру қызметін «Аяжан» колледжі білім беру мекемесі филиалы ретінде жүзеге асырған. Колледжді соңғы рет ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық қызметті Бақылау комитеті комиссиясы аттестаттаудан өткізген, «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесін Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы туралы» бұйрық №6 03 қаңтар 2013 жыл.

**Медициналық колледж қызметі төменде көрсетілген құжаттар негізінде жүзеге асады:**

- «Аяжан Қарасай» колледжі мекемесінің 01.04.2015 жылғы ҚР Алматы облысы Қарасай ауданы Әділет басқармасында тіркелген Жарғысы.
- 01.04.2015 жылғы Заңды тұлғаны тіркеу куәлігі БСН 150440001273 ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген.
- 21.07.2015 жылы Алматы қалалық Білім беру саласын бақылау департаменті, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау Комитеті №KZ25LAA00005377 Мемлекеттік лицензия және 0301000 «Емдеу ісі», 0302000 «Мейірбике ісі» мамандықтары бойынша лицензияларға қосымша берген.
- 2010ж. ҚР Президенті Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары».
- 2010 жылғы 7 желтоқсандағы ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2011-2019 жылдарға арналған ҚР Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
- ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары туралы» №499 қаулысын (19.12.2014 жылғы өзгертулері және толықтыруларымен.),
- ҚР 2015 жылғы 13 қарашадағы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 398-V Заңын, стандарттар мен институционалдық аккредиттеу критерийлеріне, өзге де нормативті құқықтық құжаттарды.
- Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және мемлекеттік өрт қауіпсіздігін бақылау ұйымы оқу ғимаратын қолдануға рұқсат берген.

Колледж 10.10.16 жылдан 10.10.19 жылға дейінгі № kz 7100759.07.03.01236 ҚР СТ ИСО 9001-9009 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптарына» сай сертификатқа ие.

Колледж жұмыс берушілер сұранысын ескере отырып ҚР денсаулық сақтау саласына білікті орта буын мамандарын даярлау бағытында қызмет етеді.

Колледж өз қызметін жүзеге асырған жылдары 18 рет түлек ұшырып, 2301 маман даярлаған.

«Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесі жалпы аумағы 766 кв.м құрайтын жеке екі қабатты ғимаратта орналасқан. Жалпы саны - 12 оқу аудиториясы. Бұдан бөлек Қаскелең қаласы Абылайхан көшесі 74 орналасқан ғимараттың 2-қабатындағы жалпы ауданы – 420 кв.м болатын 8 аудиториясын және Қарасай аудандық орталық ауруханасының 1 аудиториясын жалпы ауданы – 25 кв.м, келісімшарт бойынша қолданады.

Колледждегі білім алушылар контингенті-1108, оның ішінде қазақ тілінде білім алушы – 911. 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алушылар контингенті -856, оның ішінде қазақ тіл. білім алушы – 659. 0302000 «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша білім алушылар саны - 252, оның ішінде қазақ тіл. білім алушы - 252.

Қазіргі уақытта педагогикалық процесті 59 оқытушы жүзеге асырады, оның ішінде 51 (86,4 %) штаттық оқытушы және 8 (13,6 %) қосымша қызмет атқарушылар. Штаттық оқытушылар ішінде 1 (2,0 %) ғылым кандидаты бар, біліктілік санатқа ие: жоғары -10 (19,6 %), бірінші – 10 (19,6 %), екінші – 8 (15,7 %), санатсыз – 22 (43,1 %). Соңғы бес жылда барлық педагогикалық қызметкерлер біліктілігін арттыру курсынан өткен. Колледж оқытушылары қызметке сәйкес базалық білімге ие.

**1- кесте Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі**

Аяқтау жылы	Түлектер саны	Жұмыспен қамтылған түлектер	ЖОО-ға түскен түлектер
2016	303	181	4
2017	295	236	3
2018	317	-	-

**Ғылыми-зерттеу жобалары**

Білім алушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіледі. Зерттеулер мен ғылыми ізденіс жұмыстары білім алушылардың белгіленген мақсатқа дәстүрден тыс шешіммен келуіне ықпал етеді.

Колледж студенттері халықаралық, республикалық, облыстық сайыстарға қатысады. Жыл сайын колледжде арнайы пен оқытушылары мен Қарасай аудандық орталық ауруханасындағы «Салауатты өмір салты» кабинеті меңгерушілерінің ұйымдастыруымен 2-3 курс білім алушыларына арналған дөңгелек үстелдер өтті, шылым мен ішімдіктің адам ағзасына зияны тақырыбында семинар, тренингтер жүргізілді. 2016-2017 оқу жылында практикалық оқыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Салауатты өмір салты» ғылыми-практикалық конференция өткен, нәтижесінде 2017 ж. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша -3-курс білім алушысы Кошер Назгүл «Колледж студенттерінің өмір-сүру ұзақтығын арттыратын денсаулыққа әсер ететін факторларға көз-қарасы» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы үшін 3-орынды иеленген. Медициналық ұйымдармен өзара үйлесімділікте қызмет ету арқылы балалар шығармашылығына ықпал ету нәтижесі ретінде Працова Кайраттың жетістігін атап өтуге болады, ол «Жылдың үздік түлегі» сайысына қатысып, III дәрежелі дипломмен марапатталды. 2017 жылы білім алушы Өтебай Салтанат Талдықорған қаласында өткен облыстық «Абай оқулары» сайысына қатысып II дәрежелі дипломмен марапатталса, Астана қаласында өткен сайыс кезеңінде I дәрежелі дипломға ие болды. Колледждің ОҚ республикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, мақалалар жариялау арқылы білім беру ұйымына ғылыми-зерттеу жұмысын енгізіп отыр.

**(IV) ССК МӘЛІМДЕМЕСІ**

2018 жылдың 27 наурызы мен 29 наурызы аралығында «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуге барған ССК қызметі сараптау комиссиясы бағдарламасы негізінде жүзеге асты.

Бағалау және ұсынылған өзіндік есеп мазмұнын нақтылау және толықтыру мақсатында колледж директорымен, директордың оқу-ісі, практикалық жұмысы, тәрбие ісі, әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарымен, бас есепшімен, әдіскермен, ӘЦК төрайымымен, бөлім меңгерушілерімен, оқытушылармен, педагог-психологпен жұмыс беруші ұйым өкілдерімен, білім алушылар және түлектермен, студенттердің ата-аналарымен кездесу өтті. Барлық кездесуге жалпы саны - 164 адам қатысты.



## 2- кесте Кездесуге қатысушылар санаты мен саны туралы мәлімет.

<i>Қатысушылар санаты</i>	<i>Саны</i>
Директор	1
Директордың орынбасарлары	4
Бөлім басшылары	4
Бас есепші	1
Кадрлар бөлімі басшысы	1
Оқытушылар	39
Студенттер	80
Түлектер	30
Жұмысберушілер, әлеуметтік серіктестер	4
Студенттердің ата-аналары	
<b>Барлығы</b>	<b>164</b>

ССК жұмысы барысында колледж инфрақұрылымына визуалды шолу жасалды: оқу аудиториялары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, спорт зал, медициналық пункт, тамақтану пункті, клиникаға дейінгі практика кабинеті. Сонымен қатар аккредиттелуші білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын циклды әдістемелік комиссия құжаты, бөлім құжаттары тексерілді. Аккредиттелуші бағдарлама бойынша практикалық базалар қаралды: Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ, «Алат С» ЖШС, №1 ҚКА, қаскелең қаласындағы мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтан» жеке-үй жайындағы пансионаты.

Арнайы пәндер бойынша оқу, өндірістік және кәсіби практиканы жүзеге асыру үшін базалық медициналық ұйымдармен келісімшарт жасалған: ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ, Ұзынағаш ауылындағы ШЖҚ Жамбыл аудандық орталық ауруханасы КММ, «Алат С» ЖШС, №1 ҚКА, Қаскелең қаласындағы мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтан» жеке-үй жайындағы пансионаты. Практикалық базаларда кабинеттері жиһазбен, көрнекі құралдармен жабдықталған. Медициналық білім алу саласына қатысты әлеуметтік серіктестік ісі жұмыс берушілер талабын ескере отырып маман дарлауға бағытталған, ББҰ мен МҰ арасында тығыз байланысы орнаған. Әлеуметтік серіктестікті нығайту мақсатында келесі бағыттар бойынша бірлескен қызмет түрлері жүзеге асады: білікті маман даярлауды болжау, емделушіге бағытталған білім беру, ББҰ мен МҰ арасындағы өзара қарым-қатынасты дамыту. Осы уақытқа дейінгі қалыптасқан практикада жұмыс орнында оқыту, білім алушылардың аттестатталуына қатысу, өзара бірлескен іс-шара жүргізу, түлектер және олардың ата-аналырамен кездесу ұйымдастыру, колледж ішіне саяхат ұйымдастыру, мамандықпен танысу жұмыстары жүзеге асырылған.

Базалық МҰ білім алушылардың сапалы практикадан өтуі үшін колледж студенттеріне арнайы оқу кабинеттері бөлінген.

Қолданылатын интерактивті оқыту әдістері емдеу базаларының білім беру процесіне толыққанды және белсенді араласуын қамтамасыз етеді. Бір шетінен ББ процесі мазмұнына әсер етсе, екінші жағынан медициналық колледждің халыққа сапалы медицина қызметін ұсынуына ықпал етеді.

Практикалық базаларды қарау барысында медициналық ұйымдағы материалды-техникалық базамен, әкімшілік ғимаратпен, студенттер кәсіби практикадан өтетін мамандандырылған бөлімшелермен таныс болдық. ССК мүшелерімен бас дәрігерлер, бас мейірбикелер, бөлім меңгерушілері кездесіп, практикадан өтушілерге қойылатын талаптар туралы ақпарат берді. ШЖҚ Қарасай аудандық КММ, «Алат С» ЖШС, Қаскелең қаласындағы мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтан» жеке-үй



жайындағы пансионаты өндірістік практикадан өту кабинеттерін ұсынып қана қоймай, оқу-жұмыс жоспары мазмұнына түзету енгізуге, студенттердің білім-біліктілік дағдысын бағалауға қатысатынын атап өту керек. Практикалық базаға қатынау арқылы 4-курс студенттерінің оқу практикадан өту барысын көріп, нақты дәлел алдық. Өндірістік практикадан өту барысына колледж директоры мен МҰ басшылары жауапты тұлғалардан студенттерге тәлімгерлер бекіткен. МҰ басшылары студенттер мен колледж түлектері туралы оң пікір білдірді. Сапалы маман даярлаушы ұйым кепілі ретінде барлық бөлімшелерде қызмет атқарып жүрген «Аяжан Қарасай» колледжі түлектерін көруге болады.

ССК мүшелері Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ базасына барып, бас дәрігер Е.Б. Сарсенбаевпен кездесті. Кездесу барасында Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ «Аяжан Қарасай» медициналық колледжімен тығыз байланыста қызмет ететінін анықтады. Аурухананың көптеген дәрігерлері өздерінің жұмыс орындарында практикалық сабақтар жүргізіп, ОП белсенді жүзеге асыруға ықпал етеді. Студенттердің білім-біліктілік дағдыларын бағалауға қатысады.

ССК мүшелері Қаскелең қаласы аудандық ауруханасының бас мейірбикесі А. Н. Жылгелдиевамен сұхбаттасу арқылы МҰ-дағы 928 орта медициналық қызметкердің 412-сі (41,9%) берілген оқу орны түлектері екенін анықтады. Қабылдану барысында ауруханада тәжірибеден өтіп, орта медициналық қызметкерлердің жиі ауысуына байланысты бос жұмыс орнына ие болады. Бұндай өзгеріс халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал етеді.

ССК мүшелері мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтау» жеке-үй жайындағы пансионатына барған сапарында кездескен мекеме басшысы мен медициналық қызметкерлер егде жастағылар мен мүгедектер күтіміне қатысты көмек көрсеткені үшін колледж әкімшілігі мен студенттеріне алғыс білдіретін жеткізді.

«Аяжан Қарасай» медициналық колледжінің 30 түлегінен сұхбат алынды. Олар түрлі бөлімшелерде қызмет атқарады (терапевтикалық, балалар, перзентхана, хирургиялық, емхана, қабылдау бөлімі т.с.с.). Олар өз кезегінде қызмет атқару барысында жеткен жетістіктерімен бөлісіп, колледж қабырғасында алған білімдері үшін оқу орнына алғыс білдіретінін жеткізді.

ССК мүшелері «Мейірбике ісі негіздері», «Офтальмология», «Акушерлік және гинекология» «Педиатриядағы мейірбике ісі», «Анатомия», «Ішкі аурулар пропедевтикасы», «Хирургиядағы мейірбике ісі», «Ішкі аурулар», «Хирургиялық аурулар» тақырыптары бойынша 9 теориялық және практикалық сабақтарға қатысты. Сабаққа қатысу барысына талдау қорытындысы оқытушылардың бекітілген күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, сабақ жоспарлары, ОӘК бар екенін көрсетті. Жалпы алғанда барлық сабақтар қажетті әдістемелік деңгейде екені анықталды.

ССК мүшелері тәрбиелік іс-шара ретінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері мен 1-3 курс студенттері бірлесе ұйымдастырған «Наурыз мерекесіне» қатысты. Іс шараның негізгі мақсаты қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін насихаттау болып табылады.

## **(V) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**

Берілген оқу орнында осы уақытқа дейін аккредиттеу жүргізілмеген.

## (VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

### 6.1. Миссия және стратегиялық мақсаттар» стандарты

#### Дәлелді бөлім

Колледж болжамы, миссиясы мен стратегиялық мақсаты өзара келісілген, білім беру ұйымы ресурстарына қарай қарастырғанда адекватты, ҚР білім беру саясаты мен еңбек нарығы сұраныстарына жауап береді.

«Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесінің миссиясы – сапалы білім беру қызметін ұсыну, ҚР денсаулық сақтау жүйесі және еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті маман даярлау. Колледж миссиясы 2015 жылғы ҚР мейірбике ісін кешенді дамыту жоспарына, жоспарды жүзеге асыруға бағытталған Жол картасына, МЖМБС және 2016-2019 жылдарға арналған денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» бағдарламасына негізделіп, 2015 жылдан жүзеге асырылған. Колледж стратегиялық жоспары білім беру ұйымындағы күшті және әлсіз жақтарын, қауіп пен мүмкіндіктерін ескере отырып тұрақты дамуға негізделген.

Стратегиялық жоспар келесі басым бағтардан тұрады:

- Білім алушылардың білім беру сапасы қызметімен қанағаттану деңгейін арттыру;
- Білім алушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасын жүйелі түрде арттыру;
- Бірінші және жоғары біліктік санаттағы оқытушылар құрамын арттыру;
- Оқу және оқу-әдістемелік құралдар санын ұлғайту, оның ішінде МЖМБС-ға сай бейіндік пәндер бойынша мелекеттік тілдегі құралдар;
- Кабинеттерді симуляциялық жаттығу құрылғылармен, фантомдармен жабдықтау.

«Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын», "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын», 27 маусым 2007 жылғы № 319 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 13 қарашадағы № 398-V Заңын (2016.09.04. берілген өзгерістермен), «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, ҚР БҒМ іс жүзіндегі концептуалды құжаттарын миссиясы мен мақсат-міндеттерін айқындауға негіз етіп алған. Болжам мен миссия жаңа қабыданған бағдарламалық құжаттар ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауы негізінде қайта қаралып, түзетулер енгізіледі. Колледж миссиясы, мақсаты мен міндеті 28.08.2016 жылы өткен педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілген.

Колледж миссиясы мен мақсат, міндеттерін орындау механизміне қажетті көңіл бөлінген. Колледж мақсаты мен міндетін жүзеге асырушы негізгі құжаттар: колледжді дамытудың Стратегиялық жоспары; Педагогикалық Кеңес жұмысы; Әдістемелік Кеңес жұмысы; тәрбие жұмысы Жоспары; ӨЦК жұмысы Жоспары. Барлық құжаттар тамыз айында өтетін Педагогикалық кеңесте бекітіледі. Ұйым өз қызметі туралы ақпараттарды жинап, барлық бағыттар бойынша талдау жүргізеді. «Нәтижелілік», «Тиімділік» сынды талдау қорытындылары бойынша оқу процесіне өзгерістер енгізеді.

Колледж миссиясы мен мақсат-міндеттері, стратегиясы құрылымы білім беру ұйымының бірегейлігі мен даралығын айқындайды.

Колледж стратегиялық жоспар құру және жүзеге асыру ісіне педагогикалық ұжым мен жұмыс беріушілерді қатыстырады. Жұмыс берушілер талабын ескеру- мамандырды даярлау мақсатында көрініс тапқан. Жұмыс берушілер мамандарға қойылатын талап пен сұраныс деңгейі туралы ақпараттандырып отырады.

Колледж білім алушылары контингенті психологиялық-педагогикалық қолдауды, рухани тұлғалық дамуды талап ететін атап өтуге қажет. Колледж ұжымы психологиялық ыңғайлы, дамыту және қолдау көрсету ортасын қалыптастыру бағытында қыруар қызмет атқарғанын атап өткіміз келеді.

Сонымен бірге, педагог мамандардан сауалнама алу қорытындысына, 44 адам қатысты (жалпы санның 86,2 %-ы), берілген стандарт критерийлеріне сәйкес жоғары көрсеткіш.

Мысалы, олардың ойы бойынша, колледж миссиясының оқу бағдарламаларында көрініс табу деңгейі жоғары (100%); педагогтердің басқару және стратегиялық шешім қабылдау ісіне қатысуы 100 % .

#### **Аналитикалық бөлім**

Колледж қызметінің берілген Стандарт критерийіне сәйкес келу деңгейі жоғары. Қызметкерлерді әкімшіліктендірілген басару (бұдан әрі - ҚӘБ) стратегиялық жоспар маңыздылығын, ұйымды кешенді дамыту жоспарының бар екенін, үнемі дамыту қажеттілігін түсінеді.

Колледж қызметінің басым бағыттарының бірі жоспарлау процесіне, бағалау ісіне барлық мүдделі тұлғаларды қатыстыруы, студенттер мен жұмыс берушілерді қоса алғанда.

#### **Күшті жақтары/үздік практика:**

Болжам, миссия мен стратегиялық жоспар өзара үйлесімді, Жеке дара, бірегей. Қоғам сұранысын ескере отырып, қайта қаралып, жаңартылып тұрады. Ұйым өз қызметі туралы ақпараттарды жинап, барлық бағыттар бойынша талдау жүргізеді. Барлық мүдделі тұлғаларды қатыстырады.

**ССК бағалау өлшемдеріне сәйкес шешімі: (күшті/қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)**

Жалпы алғанда, білім беру ұйымы қызметі берілген бағалау критерийлеріне сәйкес. Дегенмен қолжетімді ресурстарға толық талдау жүргізілмеген ,нақты айтқанда, матриалды-техникалық.

Білім беру ұйымының Стандарт критерийлеріне сәйкестігі төмендегі сандық көрсеткішті берді:

Күшті ұстанымдары – 15, қанағаттанарлық – 1,  
Жақсартуды талап етеді– 0, қанағаттанарлықсыз - 0

#### **6.2. «Әкімшіліктендіру және басқару» стандарты**

##### **Дәлелді бөлім**

Колледжді басқару жүйесі миссия мен стратегиялық мақсатты жүзеге асыруға бағытталған. Колледжді басқару ҚР «Білім туралы» Заңына (13.02.2012ж. өзгертулері мен толықтыруларын қоса қарастырғанда), ҚР БҒМ нормативті-құқықтық құжаттарына, колледж Жарлығына және нормативті құжаттарына сәйкес жүзеге асады. Колледждің ұйымдастыру құрылымын дәлелдейтін құжаттар:

- 04.09.2017 жылғы «Жас мамандар мектебі» Ұйым туралы» бұйрық №6-Н ;
- 02.09.2017 жылғы «Педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы» №2-Н бұйрық;
- 02.09.2017 жылғы «Әдістемелік кеңес құрамын бекіту туралы» №1-Н бұйрық.;
- 12.10.2017 жылғы «Аттестаттау комиссиясын құру туралы», №44-Н бұйрық;
- 04.09.2017 жылғы « Білім алушылар кеңесі туралы» № 8-Н бұйрық;
- 05.09.2017 жылғы «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесінің взвод командирлері мен бөлім командирлерін тағайындау туралы» № 23-Н бұйрық;
- 20.10.2017 жылғы « кабинеттерді тексеру комиссиясын құру туралы» №50-Н бұйрық;
- 20.09.2017 жылғы «Педагогикалық кеңес құру туралы» №35-Н бұйрық; 27 тамыз 2017 жылы №1 педагогикалық кеңес отырысында қаралған;
- «Қамқорлық кеңесі туралы» ереже, 27 тамыз 2017 жылы №1 педагогикалық кеңес

отырысында қаралған;

Колледж қызметін жетілдіру үшін ескерту, кемшіліктерді анықтау мен жою, оқу-тәрбие процесін жетілдіру көздерін қарастыру мақсатында колледжішілік бақылау жұмысы жүргізіледі. Бақылау бірыңғай жоспар мен әдістемелік талаптар негізінде жүзеге асып, барлық құрылымдық бөлімше қызметтерін, оқытушылар мен білім алушылар қызметін қоса қарастырады. Сапа менеджменті жүйесінің МС ИСО 9001-2009 талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатындағы және мүмкіндіктер мен жақсарту жолдарын қарастыру үшін құжаттандырылған рәсіммен реттелетін СМЖ ЖБЖ-03 «Ішкі аудит» рәсімі жүргізіледі. Басқарушы ұжымдық ұйымдар бар: топ жетекшілері кеңесі, студенттік кеңес, директор жанындағы кеңес және құқықбұзушылықтық алдын алу кеңесі. Жоғарыда аталған кеңес қызметкерлері жоспарында көрініс тапқан іс шаралар барлық: оқу, оқу-әдістемелік, тәрбиелік жұмысты толық қамтиды. Барлық іс-шаралардың жүзеге асуы хаттамалар мен жылдық есептермен бекітіледі. Басқару тиімділігі бірнеше қадамнан тұратын ашық жүйелі жоспармен қамтамасыз етілген. Ұйымдастырушылық құрылым мен басқару жүйесі тиімді қызмет атқарып, колледж мақсатын шешуге мүмкіндік береді. Колледж қызметі демократиялық қағидаларға, жетекшілік ету ісіндегі көшбасшылыққа, басқару ісіне қызметкерлер мен білім алушыларды қатыстыруға негізделген. Басқарушы құрамдағы түрлі қызметтік міндеттерді бөліп қарастыру колледждегі барлық қызметті қамтиды және дамыту стратегиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Колледжді басқару құрылымдық бөлімшелер арасындағы тұрақты өзара байланыс арқылы жүзеге асады.. Құрылымдық бөлімшелердің жылдық жоспары ұйымдастыру кезеңінде талқыланып, бекітіледі. Колледж аралық аттестаттау, қортынды аттестаттау нәтижелеріне, өзге де шараларға мониторинг жүргізеді, қортындысы жартылдық және жылдық есепте көрініс табады.

Сараптаушы топ ұйымдастырушылық, штаттық және функционалдық құрылым нормативті-құқықтық актілерге сәйкес екенін атап көрсетеді. Басқару жүйесінің, қабылданған шешімдердің ашықтығы байқалады.

Колледжде оқытушылар мен студенттердің талаптарының қанағаттану деңгейін анықтау механизмі қалыптасқан, нәтижесіне талдау жүргізіледі. Симуляциялық орталықтың кеңейтілуі, электроды оқу залның ашылуы – студенттер талабының ескерілгені.

Басқару ісіндегі оңтайлы шешімдермен бірге жекеленген бағыттағы кейбір мәселелерге қатысты ескеру бар.

Мысалы, қаржылық есепті тиімді қолдану ісіне, ұйымдағы потенциалды қауіпті мәселелерге бағалау жүргізілмеген.

ССК ресми сапары барысында аталған Стандарт бойынша **педагог мамандардан алынған сауалнама қорытындысы** қанағаттанарлық:

Жетістіктер мен нәтижелі қызметін әкімшілік тарапынан мойындау – 81, 8%;

Колледж әкімшілігі қызметіне қанағаттану деңгейі - 95,5%;

Стратегиялық шешімдер мен басқару ісіне қатысуы - 97,7%;

Басшылық пен колледж әкімшілігінің сын қабылдай алуы –95,4%;

Әкімшілік құраммен кері байланыс жүргізу деңгейі - 93,2 %;

ССК ресми сапары барысында аталған стандарт бойынша **студенттерден алынған сауалнама қорытындысы** қанағаттанарлық, 61 адам қатысқан (жалпы санның 5,5%-ы),.

Оқу процесіне қатысты оқушылардың шұғыл кері байланыс орнатуы 93,4%;

- білім беру бағдарламасы стратегиясы мен ережелердің орындалуы 96,7 % ;

- колледж әкімшілігінің қолжетімділігі мен байланысқа түсу деңгейі 91,8 %.

#### **Аналитикалық бөлім**

Колледжде жоспарлау жүйесі бар, үнемі жетілдіріліп отырады. Дегенмен оқу процесіне қатысушы өзге тұлғалардың (оқытушылар мен жұмыс берушілер) қанағаттану деңгейін дамыту ісі жетілдіруді талап етеді.



### ***Күшті жақтары/ үздік практика***

Ұйым көрсете алды:

- ұйымдастырушылық құрылым мен құжаттардың дамыту стратегиясы мен миссияға сәйкестігін;
- жетекшілер мен әкімшілік құрамның білім алушылар, ата-аналар, оқытушылар үшін қолжетімділігін.

### **ССК ұсыныстары:**

Оқытушылар мен жұмыс берушілердің талаптарының қанағаттану деңгейіне талдау жүргізу арқылы ұйым қызметін дамыту механизмін қалыптастыру.

### ***Бағалау критерийлері бойынша ССК шешімі: (күшті/ қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)***

Жалпы алғанда, білім беру ұйымы қызметі берілген бағалау критерийлеріне сәйкес. Білім беру ұйымының Стандарт критерийлеріне сәйкестігі төмендегі сандық көрсеткішті берді:

Күшті ұстанымдары – 11, қанағаттанарлық –2,

Жақсартуды талап етеді – 0, неудовлетворительные - 0

Күшті ұстанымдары – 15, , қанағаттанарлықсыз – 1,

### **6.3 «Білім беру бағдарламасы» стандарты**

#### **Дәлелі бөлім**

Колледжде мамандарды даярлау 2 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асады. Білім беру бағдарламалары 2010,2015,2016 жылғы МЖМБС негізінде құрылған.

Білім беру бағдарламалары бойынша құжаттарға: ОЖБ, оқу процесі кестесі, сабақ кестесі, пәндер бойынша оқу-жұмыс бағдарламалары, тақырыптық күнтізбелік жоспар, оқытушылардың жеке жұмыс жоспарлары, кәсіби практика бағдарламалары енеді.

Барлық мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарлары әдістемелік кеңес отырысында қаралып, колледж директорымен бекітілген, жұмыс бағдарламалары ПЦК отырысында қаралып, әдістемелік кеңес төрайымымен бекітілген. Жұмыс бағдарламаларында пәнді оқытудың мақсат-міндеттері, бағдарлама мазмұнын меңгеруге қойылатын талаптар, оқу сабақтарының көлемі мен құрылымы, негізгі және қосымша қолданылатын оқу әдебиеттері, оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу процесінде қолданылатын бағдарламалық құралдар, аралық және қорытынды бақылау түрлері, теориялық және практикалық сабақтар тізімі көрініс тапқан. Білім беру ұйымы анықтаған оқу пәндері және оқу-өндірістік, кәсіптік практика бойынша әзірленген жұмыс бағдарламалары ПЦК отырысында қарастырылып, медицина ұйымының бас дәрігерлерімен келісілген, директордың практикалық жұмыс жөніндегі орынбасары бекіткен.

Колледждегі білім беру бағдарламаларының мазмұны мамандық бойынша Үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылады. Білім беру бағдарламалары колледж миссиясына және білім алушылар сұранысына сәйкестігін түлектер қызмет атқаратын жұмыс берушілер пікірін арқылы анықталған.

Оқу пәндерінің тізім мен мазмұны білім алушылар үшін қолжетімді. Оқу сабақтарын жүргізу барысында іскерлік ойындар, тренингтер, дискуссия, саяхат сынды кәсіби сапа қалыптастырушы әдістер қолданылады. Кәсіби практикалардың рөлі ерекше себебі студенттердің кәсіби даярлығының негізі болып есептеледі. Білім беру ұйымында жұмыс берушілердің пікірі ескеріліп, білім беру бағдарламалары жаңартылады.

Колледжде білім беру екі тілде жүзеге асады, мемлекеттік тілде және орыс тілінде.

Білім беру процесіне қатысты студенттерге жеке көмек көрсету қызметін байқауға болады. ББ бағдарламасын тиімді меңгерту үшін барлық жағдай жасалған. Білім беру процесінде білім алушының тұлғалық ерекшелігі ескеріліп, оқу процесінде жеткен жетістігіне мониторинг жүргізіліп отырады.

Білім алушылар оқытушылардан кеңес ала алады, дәл сол секілді [www.ayazhan-karasai.kz](http://www.ayazhan-karasai.kz) сайтында орналасқан директор блогына жазып, тиісті жауап алу мүмкіндігіне ие.

Колледжде кәсіби даярлау ісінің орны ерекше: арнайы пәндер мен жалпыкәсіптік пәндер, өндірістік оқыту, кәсіптік практика.

Колледж студенттері өтетін практика түрі болып табылады: оқу практикасы, өндірістік оқыту, кәсіптік практика. Үздік кәсіби практика түрін ұйымдастыру үшін колледж және Алматы, Қаскелең қаласы, Ұзынағаш ауылы МҰ арасында келісімшарт жасалған. Базалық МҰ болып табылады: Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ, «Алат С» ЖШС, №1 ҚКА, Қаскелең қаласындағы мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтан» жеке-үй жайындағы пансионаты.

Әлеуметтік серіктестермен өзара тиімді қарым-қатынас орнату маңыздылығын жете түсінген ББ мекемесінің бағдарламаны қалыптастыру ісіне МҰ өкілдерін қатыстырған.

Дегенмен ССК мүшелері кейбір жетілдіруді талап ететін қызмет түрлерін байқады:

- білім беру бағдарламаларына Мемлекеттік бағдарламалар мен медициналық және әлеуметтік саласындағы жетістіктер толық қамтылмаған;
- «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алушылардың МҰ емделуші науқастармен толыққанды байланысқа түспеуі. ЖМЖС-ға қатысты;
- материалды-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етілуінің тиімділігіне толық талдау жүргізілмеуі.

ССК ресми сапары барысында аталған Стандарт бойынша педагог мамандардан алынған сауалнама қорытындысы көрсетті:

- ББ бағдарламасы мазмұны қанағаттандырады: өте жақсы – 18,2%, жақсы – 79,5 %;
- Оқу процесіне колледж әкімшілігінің көңіл аудару деңгейі: өте жақсы 36,4% жақсы – 59,1%;
- олардың ойынша колледждегі білім беру деңгейі еңбек нарығына сәйкес-77,3% жақсы, 20,5% өте жақсы.;
- жағдаяттарға талдау жүргізуді қалыптастыру, болжам жасау 86,4% қанағаттанарлық.

#### **Аналитикалық бөлім**

«Білім беру бағдарламасы» стандарты білім алушылар күтетін нәтижеге, мақсат пен миссияға сәйкес. Білім беру бағдарламасы білікті кәсіби педагогикалық құраммен қамтамасыз етілген, медициналық денсаулық сақтау ұйымдармен белсенді серіктестік орнаған және қаржылық жағдайы тұрақты. Білім беру бағдарламасының түрі мен мазмұны медициналық колледждің стратегиялық құжатымен сәйкестенген.

#### **Күшті жақтары/ үздік практика**

- білім беру бағдарламасы МЖМБС талаптарына сай, оқыту процесі оқу-әдістемелік, құқықтық құжаттар негізінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүзеге асады;
- педагогикалық құрам біліктілік талаптарға және білім беру бағдарламасы спецификасына сәйкес. Педагогикалық құзыреттілікті дамытуға қатысты жоспарлы шаралар жүргізіледі;
- оқытушылардың тұлғалық дамуына қолдау көрсету жүйесі қалыптасқан;
- Білім беру ұйымы базалық және кәсіби құзыреттілік қалыптастыруға ықпал ететін ыңғайлы оқу ортасын қалыптастырған. Сонымен қатар әр білім алушының тұлғалық қажеттілігін ескерген;
- ББ бағдарламасын жүзеге асырушы басшылық құрам студенттердің тіліне қарамастан тең құқылы білім алуға мүмкіндік береді.

#### **Сарапшылар ұсынысы**

ОП жүзеге асырушы ББ ұйымына ұсынамыз:

- заманауи қағидалар мен инновациялық білім беруге негізделген оқыту әдістерін кеңінен қолдану;

- материалды-техникалық базаны нығайту;
- білім алушылар кәсіби құзыреттілікті қажетті деңгейде меңгеруі үшін клиникалық базалар санын арттыру.

**Бағалау критерийлері бойынша ССК шешімі: (күшті/ қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)**

Жалпы алғанда, білім беру ұйымы қызметі берілген бағалау критерийлеріне сәйкес. Білім беру ұйымының Стандарт критерийлеріне сәйкестігі төмендегі сандық көрсеткішті берді:

Күшті ұстанымдары – 13, қанағаттанарлық –7,

Жақсартуды талап етеді – 0, неудовлетворительные - 0

#### 6.4. «Оқытушылар» стандарты

##### **Дәлелді бөлім**

Профессорлық- оқытушылық құрам (ПОК) медицина колледжіндегі миссия мен стратегиялық мақсатқа жету жолындағы басты ресурс болып табылады. Жоғарымамандандырыған және белсенді қызметкерлер жетістік кепілі болып табылады. Осыған орай колледж жалдау, оқыту, мотивтендіру саясаты бойынша және қолайлы еңбек жағдайын жасау арқылы жоғары кәсіби білікті мамандар құрамына ие болғысы келеді. аталған әрекетке байланысты және ҚР Еңбек Кодексіне, ҚР нормативті құқықтық құжаттарға, колледж Жарлығына, колледждің ішкі актілеріне, адами ресурстарды басқару саласындағы үздік практикаға байланысты Кадрлық саясат әзірленген.

Оқытушылар ұжымына қойылатын талаптар "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес жүзеге асады. Нормативті-құқықтық актілер негізінде тиімді басқару ісін жүзеге асыру үшін колледжде «Қызметтік нұсқаулық» әзірленген, бұл құжат қызметкерлердің құқытары мен міндеттерін айқындап, өзара қарым-қатынасты реттейді.

Мамандарды қабылдау барысында педагогердің іскерлік және кәсіби сапасы назарға алынады. Пәндер бойынша оқытушыларды бөліп қарастыру диплом бойынша біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асады.

Оқытушылар жұмысы бірнеше бағыт бойынша бес балды бағалау шкаласымен жүйелі бағалап отырады: пәнді оқыту сапасы, оқу жүктемесін жүргізу сапасы, оқыту пәні бойынша оқу-әдістемелік кешендерінің болуы, жинақтар жасауы (дәрістер, әдістемелік әзірлемелер) үлгілі сабақтар көрсетуі, жарияланған мақалаларының болуы, колледждің, ауданның, қаланың қоғамдық өміріне араласуы. Бағаны ӘЦК төрайымы, әдіскер, бөлім меңгерушілері, директордың оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен бағытына қарай практикалық жұмыс жөніндегі орынбасары қояды. Критерий нәтижесі ӘЦК отырысында талданып, әр оқытушы ақпараттанады.

Колледж педагогикалық ұжым құзыреттілігін оқытушылардың оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдануы арқылы дәріптейді. Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатындағы оқытушылар құзыреттілігін жүйелі бағалау механизмінің бірі жыл сайын жүзеге асатын педагогикалық оқулар болып табылады.

Колледж педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін қамтамасыз етіп отыр, педагог құзыреттілігіне, оқыту сапасына бағалау жүргізеді. Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін бағалау штаттық қызметкерлерді бес жылда бір рет ҚР БҒМ 27 қаңтар 2016 жылғы №83 педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сәйкес аттестаттау арқылы жүзеге асады. Оқытушылар біліктілігін арттыруы байқалады. 2015 – 2018 жылдар аралығында 54 оқытушы біліктілігін арттырған. Соңғы бес жыл ішінде барлық оқытушылар 100% біліктілігін арттыру курсынан өткен.



Колледж әкімшілігі жас мамандарға ерекше көңіл бөледі: ББ ұйымында «Жас мамандар мектебі» ісі жолға қойылған. Әр жас маманға тәлімгер бекітіліп, білім беру процесіне, теориялық және практикалық материалдарды меңгеруіне қолдау көрсетіледі.

Нормативті-құқықтық құжаттарға сәйкес педагог қызметкерлердің жылдық жүктемесі анықталады. Жылдық жүктемеге: оқыту пәніне байланысты сағат саны, кеңестер, емтихандар, жетекшілік, кабинет меңгерушілік ісі енеді. Оқу жүктемесі оқу журналында, педагогтің оқу-әдістемелік және тәрбиелік есебінде көрініс табады. Оқу жылының басында оқытушылар «Жеке жұмыс жоспарын» құрады және ол пәндік циклды комиссия отырысында қаралады.

2015-2016 оқу жылында студенттерді даярлауға 56 оқытушы қатысқан, оның ішінде 48 (85,7 %) штаттық қызметкер, 8 (14,3 %) қосымша қызмет атқарушылар. Штаттық оқытушылар саны үлесіне шаққанда 1 (2,0 %) ғылым кандидаты, 21 (43,8 %) жоғары және бірінші санатты ұстаздар.

2016-2017 оқу жылында студенттерді даярлауға 60 оқытушы қатысқан, оның ішінде 52(86,7 %) штаттық қызметкер, 8 (13,3 %) қосымша қызмет атқарушылар. Штаттық оқытушылар саны үлесіне шаққанда 1 (1,9 %) ғылым кандидаты, 22 (40,4 %) жоғары және бірінші санатты ұстаздар.

2017-2018 оқу жылында студенттерді даярлауға 59 оқытушы қатысқан, оның ішінде 51 (86,4 %) штаттық қызметкер, 8 (13,6 %) қосымша қызмет атқарушылар. Штаттық оқытушылар саны үлесіне шаққанда 1 (2,0 %) ғылым кандидаты, 20 (39,2 %) жоғары және бірінші санатты ұстаздар.

#### **Сонымен бірге жұмыс барысында ССК анықтады:**

- инновациялық технологияларды енгізу, мониторинг жасап, бағалау жүргізу арқылы әдіс тәсілдер тиімділігін анықтау механизмі қажетті деңгейде емес (оқып-танысу, оңтайлы педагогикалық тәжірибені тарату).

ССК ресми сапары барысында аталған Стандарт бойынша **алынған сауалнама қорытындысы** көрсетті

Колледж қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие:

- инновациялық қызметке қолдау көрсету жүйесі - 99,7 % қанағаттанарлық;
- оқытушыларға арналған ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуы – 95,4% қанағаттанарлық;
- педагогикалық ұжым өз әзірлемелерін сабақ барысында қолдануы-99,7% қанағаттанарлық;
- потенциалды үздіксіз дамыту мүмкіндігі - 99,5% қанағаттанарлық;
- жас мамандарға қолдау көрсету – 93,2% қанағаттанарлық;
- біліктілікті арттыру жұмысы - 95,2% қанағаттанарлық.

Сонымен бірге оқыту мен ғылыми зерттеу ісін кіріктіру мүмкіндігі сәл төмен бағаланады - 90,9% қанағаттанарлық.

#### **Аналитикалық бөлім**

ССК мүшелері берілген мәліметтердің Стандарт критерийіне сәйкестігін анықтай келе, қорытынды жасады. «Оқытушылар» стандарты бойынша қарастырылған оқытушылар білім беру саласының кәсіби мамандары, білім беру процесін шеңберіне қажетті тәжірибе мен біліктілікке ие. Сонымен бірге білім беру сапасы деңгейін анықтау үшін кері байланыс жүргізілетінін атап өтуге болады. Колледжде барлық педагогтер өзінің жүктемесін толық жүзеге асырады. Кадрлық потенциал білім беру бағдарламасы кадрлық специфика талабына сәйкес, жас мамандарға қолдау көрсету қызметі жүйелі қолдау тапқан.

### ***Күшті жақтары/үздік практика***

- Педагог кадрларды таңдау және үйлестіру колледж педагогтерінің біліктілігі мен кәсіби дамуына сәйкес жүзеге асады;
- Оқытушылар құрамының сапалық және сандық құрамына талдау жүргізу біліктілік талаптарына және стратегиялық мақсатқа сай екенін көрсетті.
- Колледж оқытушыларының құқықтары мен міндеттері қызметтік нұсқаулықпен реттеледі, белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес жыл сайын қайта қаралады;
- Медициналық колледж педагогикалық ұжым қызметіне мониторинг жүргізіп, педагогтер қызметіне, оқыту сапасының тиімділігіне жүйелі бағалау жүргізеді;
- Педагогтердің жұмыс жүктемесіне түрлі қызмет түрлері енеді;
- Оқу процесін басқарушы құрам жас мамандарға қолдау көрсету қызметін қамтамасыз етіп отыр Оқу процесін басқарушы құрам педагогтер мен қызметкерлерді мадақтаудың, жеке дамуына қолдау көрсетудің түрлерін жүзеге асырған

### ***ССК ұсыныстары:***

Медицинадағы басым бағыт ретіндегі практикалық денсаулық сақтау ұйымымен кіріктірілген қызмет түрін дамыту;

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы клиникалық пәндерді оқыту әдісін түрлендіру;

ЖОО-мен, кітапханалармен келісімшартқа отыру арқылы педагогтер мен білім алушылардың ҮБЖ ісін дамыту.

***ССК бағалау өлшемдеріне сәйкес шешімі: (күшті/қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)***

Жалпы алғанда, білім беру ұйымы қызметі берілген бағалау критерийлеріне сәйкес. Білім беру ұйымының Стандарт критерийлеріне сәйкестігі төмендегі сандық көрсеткішті берді:

Күшті ұстанымдары – 9, қанағаттанарлық –2,

Жақсартуды талап етеді – 0, неудовлетворительные - 0

### ***6.5. «Білім алушылар» стандарты***

#### ***Дәлелді бөлім***

